

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ақын, жаңашыл жазушы

Туғанына 175 жыл толуына орай

Мақалада XIX ғасырдың көрнекті ағартушысы, педагогы Ыбырай Алтынсариннің әдеби қызметіне көңіл бөлінген. Оның қазақтың әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі туралы қорытынды жасалған. Алтынсариннің әдеби шығармаларында XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өміріндегі тарихи және әлеуметтік өзгерістер суреттелген. Бұл шығармаларда халықты отырықшылыққа, еңбексүйгіштікке, шындыққа шақырғандығы баяндалған. Өз заманының көрнекті ағартушы ретінде Ы.Алтынсарин Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің, И.А.Крыловтың еңбектерін ана тіліне аударғандығы бейнеленген.

Кілт сөздер: педагог-ғалым, поэзия, әлеуметтік мәселелер, табиғат, көркем проза, әңгімелер, аудармалар.

Кіріспе

Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі XIX ғасырдың 60-70-жылдарында қазақ халқының өмірінде болған тарихи-әлеуметтік үлкен өзгерістермен сабақтас, солармен тікелей байланысты. Ол өзінің әдеби шығармаларымен тіршіліктің өзекті проблемаларын көтеруге батыл бет бұрды.

Ұлы педагог-ғалым қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар, озық ойлар енгізді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да өркендетті. Қазақ даласының сұлу табиғаты, ұшан-теңіз байлығы, еңбек пен еңбек адамдары туралы әсем лирикалық өлеңдер, қысқа да әсерлі әңгімелер, сол кездегі қоғам өмірінің сан алуан жайларын шебер сипаттайтын публицистикалық мақалалар жазды. Оның шығармаларында философиялық пайымдаулар мен тұжырымдар мольнан келтірілді. Орыс тіліндегі балаларға арналған көптеген еңбектерді қазақ тіліне жеңіл аударып білді. Сөйтіп, ұлтымыздың халық ағарту саласында көп еңбек етті.

Ыбырай Алтынсарыұлының өз заманына сай ақындық өнерді меңгеруі

Қазақ поэзиясында Ы.Алтынсарин несімен ерекшеленеді дейтін болсақ, ең бастысы, асыл сөздің негізгі міндетін орындап, өлеңдерін оқыған адамның жанына қажетті рухани білім бере білгенінде. Ол халықтың дәстүрлі өлең үлгілерін жаңашылдықпен түрлендіріп, байытты.

Ыбырай Алтынсарыұлының өлеңдері көп емес. Бірақ қай-қайсысында да ғибрат бар. Ақынның өлеңдерінде өнер, еңбек, кәсіп, адалдық, адамгершілік идея, отырықшылыққа байланысты тұрмыс жаңалықтары кең көтеріліп, еуропалық мәдениет үлгісі уағыздалды. Өмір мәселелері кейіпкерлер әрекеттері арқылы ашылды. Ыбырай мен Абай қазақ әдебиетінде жыл мезгілдерін өз алдына тақырып етіп жырлаған жаңашыл лирик ақындар болды.

«Үміт еткен көзімнің нұры балам ...» атасы Балғожа бидің оқудағы немересі Ыбырайға жазған хаты осылай басталады. Бұл өлең-хат қазақ баласының тұңғыш оқу кітабы «Қазақ хрестоматиясында» жарияланды. Балғожа бидің жазған хаты тек Ыбырайдың ғұмыр мұратының ғана арқауы емес, бар қазақ баласына ықпалы жайылған жәдігер болды [1; 8]:

*Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін құдайтағалам;
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең басыларсың;
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың.*

*Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?*

Ыбырай бұл өлеңді оқу жылдарында дәтке қуат, жанына медет тұтынса, ата-әжесін, ағайын-туғанын, ауыл-аймағын сағынған сәттерде есіне алып, өзіне одан күш пен жігер тапса, есейе келе оны өмірлік тұмар етіп тағынды. Өзге жастарды да оқуға, өнерге тарту мен талпындырудың ұтымды құралы ретінде пайдаланды. Өлең кейін Ыбырай хрестоматиясы арқылы мүлде өлмес қасиетке ие болып, қазақ шәкірттерінің сан ұрпағына бастапқы мақсатында қызмет етті.

Ыбырай Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» сияқты өлеңдері оқырман қауымның жүрегіне жол тапты. Ғұлама педагог-ғалымның туындылары шәкірттерді Отанын сүйуге, адамгершілікке, тәлім-тәрбиеге жетеледі. Ағартушы ұстаздың [1; 7, 8]:

*Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар –
Бәрі дағы анықтай.
Білмегенге танықтай,
Біз де бекер жатпалық
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңаөспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылығың қалыспай! –*

деген тамаша жыр жолдары жас ұрпақты тәрбиелеудегі қажетті құралдың біріне айналды.

Ұлы ұстаз балалардың оқу керектігін, оқығандардың көңіліне ықыласпен тоқу керектігін айта келіп, оқыған баланың тілегені алдынан шығып, шырақ болып жағылатынына сенген [1; 5]:

*Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.*

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін талқылағанда, оның адамгершілікке арналған мына өлең шумақтарының мәніне жету қажет [1; 12]:

*Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.*

*Мақтанба сұлуың деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа!
Злиха Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына!*

Ыбырай Алтынсариннің бір топ өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұл орайда «Өсиет өлеңдері» [1; 9–11], «Әй, жігіттер!» [1; 15, 16] тәрізді тағы басқа туындыларын атауға болады. Ақынның мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, әділетсіздікті сынап, жалқаулықтың, ескі салттардың зияндылығын көрсетіп, адал еңбектің, адамгершілік қасиеттердің артықшылықтарын бейнелейді.

Әсіресе ақынның «Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен» деген өлеңінің мәні өте терең. Бұнда ол еңбек салтанаты мен адалдықты, шындықты жырлайды. Халқын берекесіз, жұғымсыз істен аулақ болып, игілікті еңбегімен, өз күшімен күн көруге, шындық үшін жан беруге, адал өмір сүруге шақырады. Ыбырай бұл өлеңінде әлеуметтік теңсіздікті жоюдың жолын еңбекке негізделген парасатты өмір үстемдігінен іздейді [1; 12]:

*Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар кесе басың шындықпенен!
Қорек тап бейнеттен де тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.
Адамға бір өзіңдей көзің сүзбе,
Бір әділ қазнасы кең патшаңды ізде!
Қорексіз еш пендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір тәңіріңнен күдер үзбе!*

Ақын «Әй, достарым!» деген өлеңінде [1; 14, 15]:

*Әй, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма,
Қолыңнан келсе, қыл қайыр,
Кісіден алушы болма...
Ақылсыз достан — ақылды дұшпан артық,
Дұшпаныңнан бір сақтан!
Сыртты майда, іші қан,
Ел ішінде жар-жора,
Достарыңнан бір сақтағанда, мың сақтан! —*

деп, қайырымды, кеңпейіл, адал азамат болуға шақырады.

Ақынның «Әділдік көрмегені үшін бір төреге айтылған сөз» атты өлеңінде [1; 19] былай делінген:

*Оразаның түбіне мақсым жетер,
Азған елдің түбіне тақсыр жетер.
Әділдіктен хан тайса наным кетер,
Жылай-жылай жарлының малы кетер.
Ай, тақсыр, бұл дүние өтер-кетер,
Мал иесі де артыңнан қуып жетер.
Жарлылар да бір табар әділ қазы,
Таразылы күн болса арыз етер!..*

Осы туындыдан байқайтынымыз, Ыбырай Алтынсарыұлының өлеңдері асыл сөзбен жазылған мұсылмандықтың тұтқасы болып табылады.

Ағартушы ақын бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән берді. Ана махаббатын терең сезіммен жырлады. Сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салатын ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтты. Әйелді отбасының құты деп, әспеттеп-құрметтеген.

Ы.Алтынсарин «Ананың сүйюі» деген өлеңінде [1; 19, 20] ананың балаға деген шексіз махаббатын, ынтызарлығын былайша паш еткен:

*Кім сендерді, балалар, сүйе-тұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүре-тұғын.
Кім сендерді, балалар, тербететін,*

*Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.
Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше?
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас дер өле-өлгеніше.*

Ы.Алтынсариннің табиғат туралы жазған өлеңдері оның ақындық шеберлігін танытады. «Өзен», «Жаз» сияқты пейзаждық шығармалары Ыбекеңнің нағыз талантты ақын болғанын көрсетеді. Мысалы, Ыбырайдың «Өзені» табиғат суретін тамаша бейнелейді [1; 18]:

*Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертіңді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...*

Бұл туындыда суға толы өзеннің ағысы өмір сырын бейнелейді. Тынымсыз ағып, адам, жан-жануар біткенге өмір нәрін ұсынады.

Ыбекеңнің бірде ауылға келіп демалғанында шығарған «Жаз» атты өлеңі [1; 16–18] бар. Онда қазақ жайлауының классикалық сұлу көрінісі былай бейнеленген:

*Сәуірде көтерілер рақмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы!..
Жақындар құдайымның көктен күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен түні.
Аспаннан рақымменен күн төнгенде
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.*

Ыбырай Алтынсарыұлы осы шығармасында өзінің басты ұстанымын алға тартады:

*Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай.
Қой маңырап, сиыр мөңіреп шат болады,
Тасиды күркіреп өзен мен сай.
Аяғын ашақ басып түйе шығар,
Жаратқан мұнша таңсық жаббар Құдай!
Кеш болса күн қонады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып,
Аһ ұрып шүкірлікпен құшақтасар
Рақатпен кеш уақытында неше асық...
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарар жары жүзін басып.
Құдайға шүкір етер жас пен кәрі,*

*Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі!
Жын-айуан, адамзат, құрт-құмырсқа
Разылық бір Құдайға асар зары.
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер,
Шуылдап шүкір етер мұның бәрі!*

Сонымен, ақын бұл еңбегінде табиғат пен тіршілікті, аспан мен жерді, ай мен түнді, тау мен орманды көріп-сезіну үшін білім керек екенін есімізге салады.

Ағартушы-педагогтың XIX ғасырда айтылған [1; 6]:

*Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан, —*

деген ақыл сөзі бүгінгі XXI ғасырда да өзектілігін жоғалтпай отыр.

Жалпы алғанда, Ыбырай өлеңдерінің тілі қарапайым, жатық та тартымды. Олар мақал-мәтелдерге де толы. Ақын айтайын деген ойын оқушысының көңіліне құйып, қолына нық ұстатқандай әсер қалдырады.

Қорытындылай келе айтарымыз, Ыбырай өлеңдері — тәлім-тәрбие мақсатын көздеген, дидактика сарыны басым шығармалар. Сондықтан олардың көпшілігіне публицистика стилі тән деуге болады.

*Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиеті тарихынан
мәдениетті прозашы ретінде елеулі орын алуы*

Ы.Алтынсарин қазақ прозасының еуропалық шағын түрін қалыптастырды. Бұл жанрдың сырын ашты. Көркем әңгіме, новелла жазудың жақсы үлгісін көрсетті. Сондықтан қазақтың жаңа үлгідегі көркем прозасы Ыбырай әңгімелерінен басталады деу орынды.

Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: оның бірі — новелла; екінші тобы — ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме; үшінші тобы — шағын көлемді мысал үлгісіндегі өнеге сөздер [2].

Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін қамтыған. Ғұламаның шығармаларының барлығы дерлік оқырманын адамгершілікке, кішіпейілділікке, еңбек-сүйгіштікке, әділдікке, жақсылыққа, өнерпаздыққа, зеректікке, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа шақырады. Жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды.

Жазушы «Бақша ағаштары» атты белгілі әңгімесінде тәрбиенің не екенін қарапайым ағаштармен салыстыру арқылы былайша сипаттап береді: *Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.*

—Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады баласы.

—Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, — деді атасы.

—Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

—Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетімен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің [1; 70, 71].

Бұл әңгіменің ата-аналар үшін де, оқушылар үшін де тәрбиелік мәні зор. Балаға жас күнінен дұрыс тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін өте қажет. Есейіп кеткен соң оның қисығын түзеу қиынға түседі. Ыбекеңнің бұл әңгімесі мектеп балаларын тәрбиелеуде қазір де басшылыққа алатын басты ұстаным болып саналады.

Жазушының шығармаларының ішінде сюжеті қызықты «Таза бұлақ» атты әңгімесі. Мұндағы үш жолаушының бірі — саудагер, екіншісі — молда, үшіншісі — жай бір келбетті жігіт. Бұлардың әрқайсысының өзінше түсінігі, өмірге деген көзқарасы бар. Олар жолдағы бір таста жазылған. *Ей, жолаушы таза болсаң, осы бұлақтай бол» деген сөзді өздерінше ұғынады: «...Үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:*

— Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат

сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, — деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

— Жоқ, мен олай ойламаймын, бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек, бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын қандырады, оның үшін ешкімнен ақы дәметпейді; бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, — деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: «Сен не ойлайсың?» — деп сұрады.

Жігіт айтты:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, — деді [1; 98, 99].

Автор бұл туындысында кісі еңбегін қанайтын саудагерді де, елге жалған үтіт тарататын алдамшы молданы да жақтамайды. Ол еңбекші халық өкілі — жас жігіт ниетін жақтап, соның ойын құптайды.

Ы.Алтынсариннің шығармашылығында еңбекке тәрбиелейтін бірнеше әңгімелері бар. Солардың ішіндегі ең биік шыңы — «Бай мен жарлы баласы» [1; 83–87].

Бұл туындыда Асан — өмірдің қиыншылығын көрмеген бай баласы, ал Үсен — өмір мектебінен өткен кедей баласы. Жазушы үйрек ұстап, шақпақ тұтатып, тамақ пісірген, қармақ иіп балық аулап, түнімен от жағып, қамаған қасқырдан да қорықпай, Асанды көшіп кеткен елге аман-есен алып жеткен Үсеннің ұстамдылығын байыппен баяндай келіп, түрлі ситуацияны қисын тауып қосып отырып ашады. Қызықтыру, елітіп, енді не болар екен дегізіп қоятын тосын оқиға желісі, айнала табиғат, жанды-жансыздың жаратылыс суреті, баланың жай-күйі, суда ойнаған балық көрінісі — Ыбырайдың жазу өнеріндегі тіл шеберлігі, дүние құбылысын көркем бейнеге көшірудегі қаламгерлік дарыны [3].

Бір сөзбен айтқанда, Ы.Алтынсарин қыр өміріндегі балалықтың қым-қуыт шиеленіске құрылған бір күнін классикалық әңгімеге айналдырған. Оның бұл шығармасының тәрбиелік түйіні егер өзінді-өзің еңбекке, ұқыптылыққа баулып, шынығып өссең, Үсен сияқты өмірге икемді, қиыншылыққа мойымайтын, өршіл боласың. Ал еңбексіз арамтамақтықпен өссең, Асанға ұқсап қабілетсіз, икемсіз, енжар боласың деген тұжырымға келіп тіреледі.

Жазушы жасөспірімдерді адал еңбек етуге шақырады. Бұл ойын «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде өте қызықты әрі тартымды етіп өрбітеді. Онда егін егіп, халықты соңына еріте білген Сейітқұл мен оның ұрлықпен күнелткен баукеспе ағасын салыстыра отырып баяндайды. Оңай олжаға қызыққан ұры ағасы біреулердің қолынан қаза табады: ...*Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жасағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс* [1; 98].

Сейітқұл болса ақ адал еңбегінің арқасында мол дәулетке ие болады. Оның халық арасындағы беделі артады. Әңгіме түйіні осындай.

Көптеген әңгімелерінде жазушы қоғам өміріндегі мынадай көкейкесті мәселелерді көтеріп, жұртшылықты жаңа өмірге жетелейді:

— «Әке мен бала» әңгімесінің арқауы — «Аз қиынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең — көптен де құры боласың» [1; 70] деген нақыл сөз;

— «Петр патшаның тергелгені» атты әңгімесінде Петр патша өз қателігін мойындап, сот алқасының әділ үкіміне риза болып: «Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!» [1; 103] — деп бұйырыпты. Бұл қарапайым әңгіме кез келген оқырманға әділеттік туралы ой салады;

— «Асыл шөп» деген әңгімесінде [1; 70] Злиха мен Бәтима дейтін екі кішкене қыздың оқиғасын өрбіте отырып, «Сабыр түбі — сары алтын» екенін әңгімелейді;

— Табиғатты қорғауға байланысты жазылған «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты әңгімесінде [1; 67] балаларға қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатындағы «обал-сауап» ұғымының мәнін түсіндіріп, экологиялық түсініктерін қалыптастырады;

– «Мақта қыз бен мысық» атты әңгіме [1; 132, 133] әлем балалар әдебиетінің үздік үлгілері қатарында тұруға лайық дүние: қысқа-қысқа баяндау үлгілері, екеуара сөз қағысу, авторлық қыстырма шығармаға жинақылық, жедел даму дарытады;

– «Лұқпан Әкім» [1; 92, 93], «Надандық» [1; 108–112], «Киіз үй мен ағаш үй» [1; 113–115], «Дүниеде жамандық неден?» [1; 133–135] деген шығармалар қоғамдық өмірдің әр түрлі жайларына арналған. Бұларда автор сол дәуірдің елеулі мәселелерін көтерді, надандық бұлты басып келген халықтың санасын оятып, көкірегін ашуды көздеді;

– «Түлкі мен ешкі» [1; 77], «Жәнібек батыр» [1; 82, 83], «Баланың айласы» [1; 88, 89], т.б. осылай жалғаса беретін әңгімелер топтамасында Батыс пен Шығыстың әдеби үлгілерінің ең татымды тұстарын алып, кейбіреуін тәржімалап, кейбіреуін ықшамдап баршаға түсінікті етіп береді.

«Қазақ хрестоматиясына» арнап жазылған ғибратты қазақтың әңгімелерімен қатар Ыбырай келесі мәтіндердің авторы:

– «Орақ батырдың баласы Әлібек мырзаның бір ханға айтқан сөзі» [1; 25–28];

– «Сейітахмет деген жігіттің үйіне түсірмеген құрбысына айтқан сөзі» [1; 28];

– «Нұржан бидің бір сөзі» [1; 29];

– «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі» [1; 29, 30];

– «Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі» [1; 30, 31] т.б.

Бұл мәтіндердің бәрі — қазақ әдебиеті үшін аса маңызды мағлұматтар.

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин өзінің әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Бұл — оның айрықша атап айтар тарихи еңбегі. Оның әңгімелерінің көркемдігі жоғары, нақты оқиғаны дәл баяндайды және шыншыл. Жазушы-ағартушы адамдар бойында еңбексүйгіштік, адалдық, ізгіліктік, достықта сенімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дамытуға көп күш жұмсады.

*Алтынсарин аудармаларының мысал жанрының
қалыптасуына негіз болуы, қазақ әдеби
тілінің дамуына жол ашуы*

Ыбырай Алтынсариннің тәржімашы-аудармашылығының өзі бір төбе. Қай кезеңде болсын аударма ісі әдебиет пен тілдің үлкен бір саласы екендігі айтпаса да түсінікті.

Ыбырай Алтынсарыұлының аударғаны негізінен прозалық шығармалар. Поэзиядан тек қана орыс классигі И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі» [1; 22, 23] және «Егіннің бастары» [1; 21, 22] деген мысалдарын аударған.

Ыбекеңнің аудармашылық шеберлігіне «Қарға мен түлкі» деген мысалдың мына бір шумақтарының аудармасы айғақ:

*— Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын,
Сырттан тілеу тілейді барша халқың.
Қарға-екеңдей дүниеде әуез жоқ деп,
Осылайша шығады сыртқа даңқың.
Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,
Жүзіңді бір көруге келіп едім.
Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім, —
Басын салып құйрығын былғаңдатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып, —
«Қарға тақсыр, көзім жасын көріңіз», — деп,
Жыламсырап сөйлейді жылмаңдатып.
Масаттанып бұл қарға сілкінеді,
Ішін тартып миықтан бір күледі.
«Арып-ашып алыстан келген шығар,
Көңілі тынып кетсінші, шіркін», — деді.
Мақтау сөзге семіріп судай тасып,
Пәрменінше «Қарқ!» етті ауызын ашып.
Қарқ еткенде ірімшік жерге түсіп,
Оны кетті түлкі-екең ала қашып.*

Бұл аудармада суреткер түлкінің айлакер, сұм, зұлымдық бейнесін қаншалықты дәл, өткір, шебер берсе, қарғаның мақтан сүйгіштігін, аңқаулығын да соншалықты шебер суреттеген.

Алтынсариннің аударғаны негізінен К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, И.И.Паульсон шығармалары. Жазушы Паульсонның өз қаламынан туған жеті әңгімесін тәржімалаған: «Бір уыс мақта» [1; 71]; «Алтын шеттеуік» [1; 72]; «Аурудан — аяған күштірек» [1; 74–75]; «Тышқанның өсиеті» [1; 76]; «Дүние қалай етсең табылады» [1; 94–95]; «Әдеп» [1; 99]; «Тәкашпарлық» [1; 113].

Ыбырай орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстойды басқадан бұрын танып, оны өзінің ұстазы деп санаған. Өйткені Толстой 1862 ж. Ясная Полянада шаруалардың балалары үшін мектеп ашып, педагогикалық жұмыспен шұғылданады. 1870 жылдардың басында педагогикалық іске қайта кірісіп, «Әліппе» (1871–1872), «Жаңа әліппе» (1874–1875) деген еңбектер жазды. Ұлы жазушы практикадан тыс дерегі жоқ педагогиканың негізсіз екенін көрсетті. Ол тәжірибені қорыта білген педагогика ғана нағыз ғылым болады деп тұжырымдады [4].

Ыбекең Л.Н.Толстойдың әр түрлі оқу құралдары мен балаларға арналған кітаптарынан бес әңгіме аударды: «Силинші деген ханым» [1; 93]; «Мұнсыз адам» [1; 100, 101]; «Жамандыққа жақсылық» [1; 112]; «Данышпан қазы» [1; 115–118]; «Үш ұры» [1; 118, 119]. Бұл әңгімелер тақырыптық ерекшеліктері жағынан Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының арасында көп тараған аңыз-әңгімелерге ұқсас. Толстойдың қыруар шығармалары ішінен Алтынсариннің дәл осы тектес әңгімелерді таңдап алуы кездейсоқ емес. Ол әңгімелер ұлы ағартушының негізгі көзқарасына сай келген және халық ұғымына жеңіл, өмір ерекшелігіне таныс.

Түйін

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: Ыбырай Алтынсарин — көрнекті ақын, дарынды жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы — қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы.

Ұлы педагог-ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Өмір шындығын танытар көркем проза жасады.

Қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Өзінің шығармалары арқылы қазақ әдебиетін жанр, түр жағынан да, мазмұн-идея жағынан да ілгері бастырды.

Ыбырай Алтынсарыұлы қазақтың әдеби тілінің негізін салуда да елеулі еңбек етті. Тіл тазалығы үшін күресіп, оны ұстартты. Өз туындыларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын пайдалана білді. Әдеби тіл принципін қатаң сақтады. Шығармаларында мақал, мәтел, нақыл сөздерді, аңыз-әңгімелерді шебер пайдаланды. Өмір шындығын халықтық стильде жазды.

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин — кемеңгер ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген аса дарынды суреткер, қажырлы қоғам қайраткері. Ол заманның ең маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы. Сөз жоқ, Ыбекең сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды Азамат.

Көрнекті әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиев «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор» [5], — деп баға берген.

Біз: «Ыбырай — ұлы педагог, Ыбырай — ағартушы», — деп жиі айтамыз. Ал осы ұлы ұстаздың сан қырлы шығармашылық жолына аса мән бермейміз. Ол ұлылықты педагогтік қызметімен ғана емес, жазушылығы, ақындығы арқылы алып тұрғанын болашақта баса айтуымыз керек секілді. Нақтырақ айтқанда, әдебиеттен ойып орын алатын тұсы — оның халық ауыз әдебиетін терең зерттеуінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Алтынсарин Ы.* Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
- 2 *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 859-б.
- 3 *Мәдібай Қ.* Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. — 2009. — 31 шілде. — № 3 (3144).— 6-б.
- 4 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 92-б.
- 5 *Сәтбекова А.* Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарауға болмайды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 36, 37-б.

Р.С.Каренов

Грани творчества Ибрая Алтынсарина

К 175-летию со дня рождения

В статье описана литературная деятельность педагога-просветителя XIX столетия Ибрая Алтынсарина. Отмечено, что он внес большой вклад в формирование и развитие казахского литературного языка. Литературные произведения Алтынсарина отражали исторические и социальные изменения в жизни казахского народа во второй половине XIX века. Поэт в своих произведениях призывал народ к оседлому образу жизни, трудолюбию, честности. И.Алтынсарин переводил на родной язык произведения Л.Н.Толстого, К.Д.Ушинского, И.А.Крылова и других, близкие по жанру и тематике к идеям педагога-просветителя.

R.S.Karenov

The brink of creavity of Ibray Altynsarin

To 175-to the anniversary since birth

The attention of literary activity of the outstanding educator, teacher of XX of century Ibraya Altynsarin is paid. The conclusion is drawn that it made a big contribution to formation and development of the Kazakh literary language. It is noted that literary works of Altynsarin reflected historical and social changes in life of the Kazakh people in the second half of H H of an eyelid. It is emphasized that they called for a settled way of life, diligence, honesty. It is described that as the outstanding educator of the time Altynsarin translated into the native language of work of L.N.Tolstoy, K.D.Ushinsky, I.A.Krylov and others.

References

- 1 Altynsarin I. *Let children learn. Verses, stories, proverbs, riddles*, Almaty: Atamura, 2006, 168 p.
- 2 Syuinshaliyev Kh. *History of the Kazakh literature: textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 3 Madibai K. *Kazakh adebiety*, 2009, July, 31, 33 (3144), 6 p.
- 4 *Kazakh Soviet Encyclopedia*, 11, / Edit. chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1977, p. 92.
- 5 Satbekova A. *Anuz adam: Zhuldyzdar otbasy*, 2013, 17 (77), p. 36–37.